



FishRPC

050016, Алматы қаласы, Сүйінбай даңғылы, 89 а үй
E-mail: info@fishrpc.kz
тел/факс 8 (727) 383-17-15, 383-15-05

050016, г.Алматы, проспект Суюнбая, 89 а
E-mail: info@fishrpc.kz
тел/факс 8 (727) 383-17-15, 383-15-05

23.12.2025 № 01-07/853

**«Балық шаруашылығы ғылыми —
өндірістік орталығы» ЖШС
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
стандартын
бекіту туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың 2-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Балық шаруашылығы ғылыми — өндірістік орталығы» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бекітілсін.
2. Барлық құрылымдық бөлімшелеріне жеткізілуін және ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауға басшыға жүктелсін.
4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қосымша: сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт 4 парақта.

Бас директор



Суюбаев А.С.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Балық шаруашылығы комитетінің
«Балық шаруашылығы ғылыми —
өндірістік орталығы» ЖШС
бас директорының
2025 жылғы 23 желтоқсандағы
№ _____ бұйрығымен
Бекітілген



Сулюбаев А.С.

**«Балық шаруашылығы ғылыми — өндірістік орталығы» ЖШС
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

1-тарау. Жалпы ережелер

Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт "Балық шаруашылығының ғылыми – өндірістік орталығы" ЖШС *(бұдан әрі – Серіктестік)* қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу мақсатында әзірленді және қызметкерлердің өз лауазымдық міндеттерін орындау кезінде адалдық пен сатылмаушылық қағидаттарын қамтамасыз етеді. Бұл құжат серіктестіктің, сондай-ақ оның аумақтық бөлімшелерінің қызметіне қолданылады және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласы үшін белгіленген ұсынымдар жүйесін білдіреді.

2 тарау. Мақсаты

Бұл ережелер келесі мақсаттарға бағытталған:

1) азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, азаматтардың өтініштерін заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарауға, олар бойынша қажетті шаралар қолдануға;

2) көзделмеген құжаттарды талап етуге жол бермеуге, сол сияқты қызметтер көрсету және өзге де шарттық функциялар барысында кез келген әуре-сарсаңға *(бюрократияға)* жол бермеуге;

3) көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жөнінде тұрақты негізде шаралар қабылдауға міндетті;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге міндетті;

5) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің және өзге де тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

6) қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін қызметкерлердің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға міндетті;

7) мүдделер қақтығысына жол бермеу, ал олар туындаған кезде оларды заңнамаға сәйкес жою жөнінде шаралар қабылдау;

8) бақылау іс-шараларын және шешім шығаруды көздейтін өзге де іс-қимылдарды жүргізу кезінде мәселелерді объективті қарауға, шешімдерді тек қана заңнамаға сәйкес қабылдауға;

9) серіктестіктің құзыретіне кіретін шешімдерді қабылдау кезінде өзінің заңды міндеттерін орындауға байланысты ешқандай материалдық игіліктерді, көрсетілетін қызметтерді және өзге де артықшылықтарды қабылдамауға;

10) өздеріне берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттеріне сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыруға міндетті;

11) заңда тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеуге;

12) іскерлік этикетті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауға міндетті.

3-тарау. Сыбайлас жемқорлық фактілеріне тап болған кезде қызметкерлердің іс-әрекеттері

Егер Серіктестік қызметкерінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат болса, оған мұндай құқық бұзушылықтың алдын алу және тоқтату жөнінде қажетті шаралар қабылдау керек, оның ішінде жоғары тұрған басшыны, өзі жұмыс істейтін серіктестіктің басшылығын не уәкілетті мемлекеттік органдарды жазбаша нысанда дереу хабардар ету қажет. Серіктестік қызметкері басқа адамдардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру жағдайлары туралы дереу жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

4-тарау. Комплаенс қызметі

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-Заң) шеңберінде квазимемлекеттік сектордың

барлық субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерді енгізу туралы талап қолданылады.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінде негізгі міндеті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға айқындалады.

Серіктестіктің комплаенс-қызметі квазимемлекеттік сектор субъектісінің Директорлар кеңесінің, Байқау кеңесінің *(ол болған кезде)* немесе өзге де тәуелсіз басқару органының шешімімен, көрсетілген органдар болмаған жағдайда квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысымен айқындалады. Серіктестіктің Комплаенс-қызметі өз өкілеттігін атқарушы органға қарамастан жүзеге асырады, тек Бас директорға есеп береді.

Комплаенс-қызметі заңға, ішкі ережелер мен әдеп нормаларына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаларды әзірлеу, персоналды оқытуды жүргізу, тәуекелдерді анықтау, ішкі рәсімдерді бақылау, бұзушылықтарды тергеу және менеджмент алдында ұйымның мүдделерін қорғаушы және кеңесші ретінде әрекет ете отырып, реттеушілермен өзара іс-қимыл жасайды.

5-тарау. Сыйлықтар, саяхаттар және қонақжайлылық туралы ереже

Лауазымдық функцияларды орындай отырып, сыйлықтарды қабылдау немесе қонақжайлылық таныту, бұл заңсыз сыйақыны білдіруі мүмкін.

Қызметкерлерге мүмкіндігінше кез-келген сыйлықтардан, сапарға шақырулардан, сондай-ақ лауазымдық функцияларды орындаумен байланысты қонақжайлылық көріністері пара ретінде қабылдануы мүмкін.

6-тарау. Серіктестік қызметкерлері мен лауазымды адамдарының мінез-құлық ережелері

Қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар өз қызметінде міндетті:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық әрекеттерін ашуға белсенді қатысуға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың сақталуына дербес жауапты болуға;

2) адал, қарапайым болуға, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған

моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, сыпайылық пен әдептілік танытуға;

3) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға жол бермеуге;

4) әріптестерінен жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету;

5) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлықты құқық бұзушылықтарды жасауға көндірмеуге;

6) ақшалай қаражатты, көрсетілетін қызметтерді, сыйлықтар мен тауарларды қоса алғанда, өз функцияларын, лауазымдық міндеттерін орындағаны үшін сыйақы қабылдамауға;

7) қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік мақсаттарда таратпауға және пайдалануға;

8) серіктестіктің құзыретіне кіретін мәселелермен жүгінген адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.